
Орындаған: Қаһарманова Алтынай

Тобы: ФҚӘ 112Б

Қабылдаған: Жолсейтова Мағрипа

Жоспар

- Мемлекет ішкі саясаты
- Сыртқы саясаты
- Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы Н.Назарбаевтің рөлі
- Функциялары

- Мемлекет функциясы ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді. °
Ішкі функцияларға еліміздің материалдық-техникалық базасын құрып, дамытуға бағытталған мына қызмет салалары мәдени-тәрбие жұмыстары, яғни жеке адамның жан-жақты кетпеуіне мүмкіндік туғызатын және оның құқықтары мен бостандықтарын нақты қамтамасыз ету үшін алғышарт жасайтын жұмыстар: әлеуметтік қызмет көрсету, яғни адамдарға жан-жақты қамқорлық жасаудың ізгілікті саясатын жүзеге асыру. Ата Заңымызда атап көрсетілгендей, мемлекетіміздің қызметі, бәрінен бұрын адам және адамның өміріне, құқықтары мен бостандықтарына, мүддесіне сай құрылады; құқық тәртібін қорғау Конституцияға сүйене отырып, бақылау арқылы оның талаптарын орындауда, қоғамдық, мемлекеттік құрылысқа, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, меншікке қол сұғушылықтың жолын кесуде көрініс табатын функциялар.

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясаты - прагматизмімен, белсенділігімен, ашық экономикалық ынтымақтастығымен, көпжақты қарым - қатынастарымен, инвестициялық және инновациялық тартымдылығымен, халықаралық ұйымдар мен ортақ жаһандық жобаларға қатынасымен ерекшеленеді.

Қазақстан республикасының сыртқы экономикалық саясатының басты ерекшелігі - екі жақты тиімділік пен пайданы көздейтін, тең құқылы сауда мен қарым - қатынас заңдылықтарына сәйкес. Бұның дәлелі қазіргі кездегі әлемнің 130 - дан астам елімен саяси әрі сауда - экономикалық байланыстарының болуымен түсіндіріледі.

Бүгінгі күнгі Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының басым бөлігі - **Ресеймен, Орта Азия** елдерімен, **Қытай, АҚШ, Еуроодақ** елдерімен байланысты болып келеді.

Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық саясатының бір көрінісі болып табылатын - **Еуразиялық одақ, Кедендік одақ және ХСҮ** - ға мүше.



- Мемлекет бұдан басқа да көптеген функцияларды, мысалы, экологияны қорғау және табиғатты тиімді, ұтымды пайдалану, азаматтардың мемлекет пен оның органдарын тікелей өздері немесе өз екілдері арқылы басқаруға катысу функцияларын, қаржылық, экономикалық, идеологиялық функцияларды жүзеге асырады. ° Мемлекеттің сыртқы функциялары оның Конституцияда белгіленген Қазақстан Республикасы аумағының біртұтастығын, бөлінбейтіндігін және қол сұғылмайтындығын көздейтін қағиданы қамтамасыз етуге бағытталған қызметін қамтиды. Отанымызды қорғау, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету — мемлекетіміздің аса маңызды сыртқы функцияларының бірі



Басқа мемлекеттердің аумағында тұратын азаматтардың құқығын қорғау жөнінде Конституцияның 11-бабының 2-тармағында былай делінген: "Республика өзінің одан тыс жерлер-де жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді".

Мемлекет функциялары

- Мемлекетіміздің маңызды сыртқы функцияларының бірі — басқа мемлекеттердің азаматтарымен және қоғамдық бірлестіктерімен біздің республика азаматтарының және қоғамдық бірлестіктерінің қарым-қатынастарын нығайтуға ықпал жасайтын саясат, экономика, мәдениет, ғылым саласындағы байланыстарды жүзеге асыру болып табылады.
- Мемлекет функцияларын анықтауда, біз ең алдымен мемлекеттің қоғам өміріндегі жалпы рөлін басшылыққа алуымыз керек. Бұл жерде бірінші орынға мемлекеттің адамдарды қауымдастыққа біріктіретін, олардың мүдделерін түйістіретін, жалпы нормаларды сақтауға мәжбүрлейтін және геосаяси тұтастықты қалыптастыратын біріктіруші рөлі қойылады. Бұдан мемлекеттің ең бірінші функциясы мәжбүрлеу функциясы екендігін көруге болады.

• Мәжбүрлеу функциясы-

Әр түрлі әдістер мен құралдар арқылы іске асуы мүмкін. Бұл не тікелей күш көрсету болуы мүмкін, не жанама мәжбүрлеу болуы мүмкін. Барлық мемлекеттерде билік құрушы субъект мәжбүрлеуді пайдаланады, бірақ оны әр жағдайда әрқалай қолданатындықтан мазмұны мен сипаты, әдістері мен құралдары әрқилы болуы мүмкін.

- **Мемлекеттің келесі функциясы — келісімдік функция.** Мемлекеттің саяси қатынастардың әр түрлі субъектілерінің арасын келістіруші орган екендігі сөзсіз, ол айтыс-тартыстарда төреші ретінде қатысады, позициялардың жақындасуына жәрдемдеседі. Мәселен, мемлекеттік органдардың еңбек пен капитал арасындағы келісімдік рөлі белгілі. Сондықтан өркениетті мемлекет үшін саяси қатынастардың барлық субъектілерінің түпкілікті мүдделері туралы қамқорлық басты болып саналады, және бұл қамқорлық тек қағаз жүзінде қалып қоймауы үшін мемлекеттік органдар барлық азаматтардың мүдделерін қамтып, білдіре алатындай және азаматтық қоғам ұйымдарымен кең қарым-қатынасқа түсе алатындай саяси қатынастардың барлық субъектілерінің түпкілікті мүдделерін белсенді қорғай алатын дамыған құқықтық базаға ие бола отырып құрылымдануы тиіс.

- **Мемлекеттің үшінші функциясы — ұйымдастырушылық.** Мемлекет адамдардың әлеуметтік өмірінің негізгі аспектілерінің ұйымдасуына қатысады. Бұл үшін мемлекеттік меншіктің; мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің; мемлекеттік органдар қызметінің жалпылық, міндеттілік және басқарушылық сипаттарының; құқықтық базаның; мемлекет шараларының заңдылығының болуы шарт.

- **Мемлекеттің төртінші функциясы — қорғау функциясы.** Мемлекет қоғам тұрақтылығымен оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып қорғайды. Ол адамдар қауымдастығын сыртқы теріс әсерлерден және ішкі деструктивті, қиратушы күштерден қорғауы қажет. "Милитаристік мемлекеттер", "полициялық мемлекеттер" деп аталатын мемлекеттерде қарастырып отырылған функция шектен тыс артып, үстемдік етеді.

Ішкі функция

- Ішкі функция – қоғам өмірінің ішкі жағдайын басқарудағы мемлекеттің негізгі бағыттары. Ішкі функцияны жіктеу мемлекет қызметінің көлеміне байланысты болады. Әрбір мемлекет өзінің басқару нысанына, не болмаса мемлекеттік құрылымына қарай көптеген негізгі экономикалық, әлеуметтік, күзет және бақылау қызметтерін тәуелсіз шешеді. Сонымен бірге қазіргі кезде, барлық мемлекеттердің алдында тұрған маңызды мәселеге қоршаған ортаны қорғау жатады. Жоғарыдағы көрсетілген жұмыс көлеміне байланысты Қазақстан Республикасының ішкі функцияларына экономикалық, әлеуметтік, қаржылық бақылау, құқықтық тәртіпті қорғау және экология (табиғат қорғау) жатады.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**